

*Ибрагимова Г. К.¹, Саттыбаева Р. М.²

^{1,2} «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ҚДИ

^{1,2} Қазақстан, Қарағанды

¹ ORCID 0000-0001-8554-3167

*gibragimova@orleu-edu.kz

ПРАКТИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Мақала мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін практикаға бағдарланған тәсіл негізінде арттыру мәселелеріне арналған. Бұл жұмыста «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы әзірлеген үздіксіз кәсіби даму моделі ұсынылған.

Модель теория мен практиканы ықпалдастыруға, заманауи андрагогиялық әдістерді пайдалануға және коллаборативті білім беру ортасын құруға негізделген. Зерттеу нәтижелері практикаға бағдарланған бағдарламаның педагогтердің кәсіби құзыреттерінің айтарлықтай өсуіне, олардың қазіргі заманғы мектепке дейінгі педагогика міндеттерін шешуге дайындығына ықпал ететінін дәлелдейді.

Зерттеудің мақсаты – осы тәсілді таңдауды негіздеу, оның педагогтердің кәсіби дамуында қолданылуын талдау және олардың біліктілігін тиімді арттыруға ықпал ететін іс-әрекет түрлері мен формаларын айқындау.

Модельдің тиімділігі «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» білім беру бағдарламасының үлгісінде талданған. Бағдарламаның құрылымы квазикәсіби қызметті, практикалық дайындықты, әрекеттегі зерттеуді және курстан кейінгі қолдау кезеңін қамтиды. Нәтижені бағалау үшін диагностикалық әдістер қолданылған: сауалнамалар, тестілеу және ойын құзыреттілігі деңгейін бағалау әдістері (автор – Е. И. Рзаева).

Зерттеу нәтижелері педагогтердің кәсіби құзыреттерінің едәуір артқанын, олардың қазіргі заманғы мектепке дейінгі педагогика міндеттерін шешуге дайындығын көрсетеді. Басты назар рефлексияға, квазикәсіби қызметке және қалыптасқан кәсіби дағдылардың тұрақтылығына аударылған.

Мақала материалдары педагогтерге, білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен зерттеушілерге, мектепке дейінгі білім беру саласында мамандар даярлауды жетілдірумен айналысатындарға пайдалы болады.

Түйінді сөздер: біліктілікті арттыру, практикаға бағдарланған, білім беру бағдарламасы, біліктілікті арттыру курстары, мектепке дейінгі ұйым педагогтері, ойын құзыреттілігі, курстан кейінгі қолдау.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғыртудың стратегиялық бағдарлары мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби қызметін өзгертуді көздейді, 2029 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы және педагогтің кәсіби стандарты мен мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу қажеттілігін айқындайды [1-3]. Осы әлеуметтік және мемлекеттік сұраныстарды іске асыру педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруды ғана емес, сондай-ақ олардың біліктілігін арттыру моделін жаңартуды да талап етеді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында білім беру қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз арттырудың тиімді моделі құрылып, енгізілуде. Оқыту мен оқу тұжырымдамасының біртұтастығы педагогикалық процесте жүзеге асырылады және білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін саралауға, сабақтардың мазмұнын әзірлеу мен оқытуда ұсынылатын әдістерге бірыңғай көзқарастан көрінеді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезіндегі бірыңғай тәсілдер:

1. Қоғамның қажеттіліктерін және мемлекеттің білім беруге әлеуметтік тапсырыс контексіндегі сұраныстарын талдау.

2. Халықаралық зерттеулер нәтижелерін талдау.

3. Білім беру бағдарламалары материалдарының мазмұнындағы құзыреттілік және дербестендірілген тәсілдерді есепке алу.

4. Оқытудағы андрагогиялық тәсілді есепке алу.

5. Коллаборациялық орта құру.

6. Оқу процесін ұйымдастырудың жалпы, топтық және жеке түрлерін оңтайлы үйлестіру.

7. Мамандарды даярлау нәтижелері олардың кәсіби қызметінің нақты саласы қоятын талаптарға сәйкестігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби құзыреттерін тиімді дамыту үшін оқытуды нақты кәсіби қызметке және өзекті міндеттерге барынша жақын жағдайларда ұйымдастыру маңызды. Біліктілікті арттырудың қазіргі заманғы бағдарламалары педагогтердің кәсіби міндеттерін табысты орындауын қамтамасыз ететін қолда бар дағдыларды жетілдіруге және жаңа құзыреттерді игеруге бағытталған.

Әдістер мен материалдар. И.С. Якиманскаяның, А.К. Маркованың, Л.М. Митинаның, О.М. Краснорядцеваның зерттеулерін талдау [4-7], сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде авторлардың жеке тәжірибесі ересектерді оқыту процесін айқындайтын психологиялық тетіктерді есепке алу қажеттігін көрсетеді. Бұл тетіктерге:

1. Бұрынғы алған кәсіби даярлығы мен мамандыққа қойылатын жаңа талаптар арасындағы қайшылықтар.

2. Ескірген кәсіби нұсқауларды, кәсіби менталдықты қайта қарау және тәжірибеде қалыптасқан стереотиптер мен кедергілерді жеңе білу.

3. Өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі іске асыруға ұмтылысты қамтитын кәсіби дамуға ынталандыру.

Білім беру бағдарламаларын жобалауда практикаға бағдарланған тәсіл ерекше маңызға ие болады. Бұл тәсіл педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал етеді:

- кәсіби стереотиптерді еңсеруге;
- дербестік, бастамашылық танытуға;
- кәсіби міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдануға.

А.А. Вербицкийдің пікірінше, жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім беруде квази-кәсіптік қызмет маңызды рөл атқарады, ол педагогтің кәсіби жұмысының пәндік және әлеуметтік мазмұнын, оның контекстін белгілей отырып моделдейді [8]. Контекст бойынша оқыту шеңберінен кәсіби әрекетке көшу, яғни оқу уәждеріне біртіндеп көшу. Бұл теорияның практикамен байланысы, оқыту мен тәрбиенің бірлігін, маманның кәсіби қызметінің тұтас мазмұнын модельдеу сияқты қағидаттарды іске асыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кезеңінде педагогтердің кәсіби уәждерін өзін-өзі айқындау және өзін-өзі дамыту мотивтеріне айналдыру қажеттігін ескеру маңызды. Молочкова атап өткендей [9], бұл үшін үздіксіз білім беру жағдайында квази-кәсіптік қызметтің негізгі нысаны ретінде іскерлік тренингтерін пайдалану орынды.


Зерттеу нәтижелері практикаға-бағдарланған форма мен іс-әрекет түрлерін таңдау, дағдыларды қалыптастыру тренингтері арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Олар кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етіп қана қоймай, тыңдаушыларға өздерінің кәсіби көзқарастары мен ұстанымдарын қайта ойластыруға көмектеседі [10]. Бұл ішкі ұстанымдар мен алдыңғы түсініктерді үйлестіріп, жаңа білімді педагогтер практикасына қолдануына мүмкіндік береді.

Осылайша, біліктілікті арттыруды ұйымдастыру кезеңдік тәсілге негізделуі тиіс: алдымен көзқарастар мен ұстанымдарды өзгерту, содан кейін жаңа білімдерді интеграциялау. Мұндай тәсіл білім беру процесінің практикалық маңыздылығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

«Педагог» кәсіптік стандартында белгіленген кәсіптік қызметті орындауға мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің практикалық дайындығы «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама) айқындалған. 2022 жылдан бастап «Өрлеудің» барлық филиалдарында іске асырылған бағдарлама психологиялық-педагогикалық білімнің, ойын шеберлігінің және ойынға жеке көзқарастың жиынтығы ретінде педагогтің ойын құзыреттілігін қалыптастыру логикасына негізделеді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының, әдіскерлерінің және тәрбиешілерінің ойын құзыреттілігінің деңгейін арттыру.

Бағдарламаның құрылымы педагогтердің кәсіби дамуының негізгі аспектілерін қамтитын өзара байланысты модульдер ретінде (1-сурет) ұсынылған. Бағдарламаның әдіснамалық негізі Е.О. Смирнованың, Е.И. Рзаеваның, Л.И. Эльконинаның және басқа да мамандардың зерттеулері болып табылады. Авторлар мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін ұйымдастырудың жетіспеушілігін педагогтердің ойын құзыреттілігін мақсатты жетілдіру жағдайында ғана жеңуге болатынын атап көрсетеді.



1-сурет. Бағдарлама құрылымы

Дереккөз: автор әзірлеген

Нәтижеге бағытталған білім беру бағдарламасы әр тақырып шеңберінде теория мен практиканы біріктіріп, рефлексивті ойтолғаумен жалғасады. Курстың мазмұны ойын мен ойын құзыреттілігінің өскелең ролін білім беру міндеттерін жүзеге асыру арқылы қалыптастырады.

Курсты жүзеге асыру логикасы теориялық білімді жүйелі меңгертуде практикалық модульдермен бекітілген іскерлік ойындар, тренингтер, кейстерді талдау және белсенді оқытудың басқа да түрлеріне негізделеді. Мектепке дейінгі ұйымдар базасында өтетін көшпелі практикалық сабақтар ерекше орын алады, онда тыңдаушылар балалардың ойын әрекетінің деңгейін диагностикалайды, туындайтын проблемалық жағдайларды талдайды. Соңғы кезең рефлексия «проблемалық аймақты» қамтып, өзіндік зерттеуді (Action Research, AR) негізге ала отырып кәсіби даму мен анықталған проблемаларды шешуге бағытталады.

«Білім беру сапасын арттыру тұрғысынан оқытудың, дамыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін жетілдіру» модулі ойындар мен ойындық сюжеттерді модельдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталып, тыңдаушыларға өзіндік практикалық тапсырмалар негізделген. Мысалы, қатысушыларға «Купе» ойыны ұсынылып, нәтижесінде педагогтің ойын құзыреттілігін көрсететін сапалық деңгейі талданады. Ойыннан кейін ұжымдық талқылау өткізіледі, соның негізінде тыңдаушылар маңызды қорытындыға келеді: егер педагогтің өзі ойынның «грамматикасын» меңгерсе және ойын мәдениетіне ие болса, онда балаларды ойнауға үйретуге қабілетті деген тұжырымға келеді. Педагогтің ойын құзыреттілігі жоғары коммуникативтік қабілеттерді, өзіндік ойды және эмоциялық мәнерлілікті қамтиды.

Өзінің ойын әрекетін талдау және рефлексиялау, сондай-ақ әртүрлі режиссерлік, бейнелік, сюжеттік-рөлдік ойындарды іске асыру кезінде басқа педагогтердің ойындарын бақылай білу, ойын қызметін ұйымдастырудың кәсіби тәсілдерін терең түсінуге ықпал етеді. Интерактивті өзара іс-қимылды күшейту үшін педагогтің ойын әрекетін дамытуға бағытталған «біліктілік тренингтері» пайдаланылады. Олар ойынды диагностикалау, оны қолдауды ұйымдастыру, пәндік-кеңістіктік даму ортасын құру дағдыларын қалыптастырып, балаларға ойын тәсілдерін меңгерту жөніндегі іс-қимылдар алгоритмін меңгертуді қамтиды.

Рефлексия аналитикалық – жинақтау қабілеттерін дамытуда және кәсіби ойлауды қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Мұндай үлгідегі жеке білім беру траекторияларын іске асыру өзгерістерді талап етеді, атап айтсақ рефлексия үшін уақыт бөлу, оқу жоспарларын қайта қарау, рефлексивтік әрекетті жүргізу үшін оқытушылардың құзыреттіліктерінің жоғары болуы.

Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының кәсіби іс-әрекеттерді меңгеруі өзара байланысты екі деңгейде: квази-кәсіптік (практикумдар шеңберінде) және практикалық (көшпелі практикалық сабақтар процесінде) жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдар мен институттың серіктестері базасында ұйымдастырылатын көшпелі сабақтар білім беру бағдарламаларының мазмұны мен педагогтердің нақты кәсіптік міндеттері арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Балабақшада практикалық сабақтар кезінде тыңдаушылар балаларға «нақты» бақылау жүргізуі үшін мүмкіндік беретін арнайы әзірленген чек-парақтар пайдаланады. Бұл бақылау тәрбиеленушілердің ойын дағдыларының даму деңгейін диагностикалауға бағытталады. Балалардың ойын әрекетін талдау педагогтерге «проблемалық аймақтарды» қалыптастыратын түйінді мәселелерді бөліп көрсетіп, зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламасының келесі модулінде AR «Әрекеттегі зерттеулер» жүргізу әдісі ұсынылады. Анықталған проблемалардың негізінде тыңдаушылар курс тренерінің басшылығымен шағын зерттеу жоспарын әзірленіп, курстан кейінгі кезеңде іске асырады.

Курстан кейінгі сүйемелдеу жүйесі педагогтердің кәсіби қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Курстан кейінгі қолдау вебинарлар, семинарлар, іс-әрекет нәтижелерін талдау, жеке кеңес беру тренермен үздіксіз байланыста болуға мүмкіндік береді. Курстан кейінгі қолдау педагогтердің қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталып, мектепке дейінгі білім беру практикасына жаңа тәсілдерді тұрақты енгізуге ықпал етеді.

Нәтижелер мен оларды талдау. Практикаға бағдарланған білім беру бағдырамасын жүзеге асыру дейгейін практикумдар жүйесі, көшпелі практикалық сабақтар, шығу сауалнамасы, кіріс және шығыс тестілеулері нәтижелері мониторингтік деректері алуға мүмкіндік береді.

«Өрлеу» филиалдарында 2022-2023 жылдар аралығында өткізілген сауалнама нәтижелері бойынша (Қарағанды облысы бойынша 1042 тыңдаушыны іріктелді) тыңдаушылар біліктілікті арттыру курстарының мазмұны мен ұйымдастырылуын (10 баллдан 9,84) жоғары бағалады. 2-3 суреттен көрініп тұрғандай, курстың білім беру процесінің мазмұны тыңдаушылардың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етіп, ал оқу материалдары мектепке дейінгі балалық шақтың өзекті проблемаларын айқындап, педагогтердің кәсіби дамуы үшін маңызды болғанын көруге болады.

МАЗМҰНЫН ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАҒАЛАУ



2-сурет. Шығу сауалнамасы нәтижелері

Дереккөз: автор әзірлеген.


ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ



3-сурет. Шығу сауалнамасы нәтижелері

Дереккөз: автор әзірлеген.

Келесі кестеде кіріу және шығу тестілеу нәтижелері арқылы алынған тыңдаушылардың білім сапасының өзгеру динамикасы ұсынылған. Бұл тәсіл тестілеу процесінде бірыңғай талап пен бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеу, нәтижелерді өңдеу мен тексеруді қамтамасыз етеді. Тест тапсырмалары Блум таксономиясы негізінде құрылған және курс тақырыптары бойынша ағымдағы білімді диагностикалауға, оқытуға қажеттілікті анықтауға және білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалауға бағытталған (4-суретте).



4-сурет. Кіріу және шығу тестілеуінің нәтижесі.

Дереккөз: автор әзірлеген

1042 тыңдаушының арасында жүргізілген талдау курстың барлық бағыттары бойынша білімнің орта есеппен 24% -ға өскенін көрсетті. Кіріу тестілеуінің орташа балы 22 болса, ал

шығу тестілеуінің қорытындысы бойынша орташа көрсеткіш 38-43 балға дейін көтеріліп, білім сапасы 18-39% өскені байқалады. Оқытудың тиімділігі мен курстардың маңыздылығын кіру тестілеуінде төменгі көрсеткіштер көрсеткен категориялар деңгейінің өсуі анықтайды.

Курстарды ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету, оның ішінде әріптестермен тәжірибе алмасу, материалдардың қолжетімділігі және оқытудың әр түрлі формалары мен әдістерін қолдану да оң бағаға ие болуда.

Мониторинг нәтижелері педагогтердің жоғары қанағаттанушылығын көрсетіп, біліктілікті арттыру бағдарламасы олардың кәсіби дамуына айтарлықтай ықпал еткенін дәлелдейді.


Курстың басталуы мен соңында тыңдаушылардың Е.И. Рзаеваның [11] әдісі бойынша түйінді құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған ойын құзыреттілігінің деңгейі анықталады.

Әдістеме негізінде ойын құзыреттілігі келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- ойын құзыреттілігіне құндылық ретінде қарау: балалардың психикалық дамуы үшін маңыздылығын сезіну;
- теориялық білім: жалпы ойын теориясын қосып, ойын әрекетінің негізін түсіну;
- практикалық іскерліктер: ойын кеңістігін құру, балалардың жасын, даму деңгейін және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ойындарды басқару және жобалау;
- жеке қасиеттері: креативтілік, эмпатия, рефлексия, түрлі ойын жағдайларына бейімделу икемділігі;
- практикалық қолдану дағдылары: теориялық білімді нақты іс-әрекеттерге айналдыру қабілеті;
- біліктілік деңгейін бағалау үшін бақылау, қызмет өнімдерін талдау және ойын жағдайларын модельдеуді қолдану.

Әдістер критерийлері білім беру бағдарламасын әзірлеудің әдіснамалық негізіне және мектепке дейінгі білім беру контексіндегі «ойын құзыреттілігі» анықтамасына сәйкес келеді. Ойын құзыреттілігі педагогтің кәсіби білімінің, шеберлігінің және жеке қасиеттерінің жиынтығын қамтитын құрылымдық білім ретінде қарастырылады.

Жоғарыда сипатталған әдістерге сәйкес курс тыңдаушыларының ойын құзыреттілігін дамыту деңгейлері айқындалды (5-суретте ұсынылған).



5-сурет. Тыңдаушылардың ойын құзыреттілігінің даму деңгейі.

Дереккөз: автор әзірлеген.

Алынған мәліметтерге сәйкес тыңдаушылардың 57%-да ойын құзыреттілігінің деңгейі жоғары деп тұжырымдауға болады. Бұл педагогтер мектепке дейінгі ұйым балаларының ойын әрекетін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін жағдай жасауға, ойын кеңістігін, өзінің жеке тәжірибесін дамытуға қабілетті. Ойын құзыреттілігінің орташа деңгейі қатысушылардың 39% -ында байқалады. Бұл педагогтерге ойындардың мазмұнын тиімді құрастыруға, шығармашылық көзқарас танытып, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, ойын қызметін мақсатты түрде сүйемелдеуге мүмкіндік береді.

Тыңдаушылардың тек 4% ғана ойын құзыреттілігінің төмен деңгейін көрсетті. Олар дайын ойын жағдаяттарын алып, сюжетті белсенді дамытпай-ақ көрсеткендіктен, кәсіби дамуда тежелу байқалады.

Педагогтердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі нақты өзгерістер ойын құзыреттілігін дамытудағы меңгерген қасиеттерге:

- өзінің және балалардың ойын әрекетін өзіндік бағалау;
- өз іс-әрекетін жоспарлауда ойынды түрлендіру үшін жағдай жасау, ондағы баланың ролін ескеру;
- әртүрлі ойын түрлері үшін пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын модельдеу;
- ойын құзыреттілігі құрылымдық кәсіби сапа ретінде теория мен практиканы қамтитын мақсатты оқыту кезінде табысты дамиды;
- негізгі қиындықтар балалардың ойын әрекетінде шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау процесінде және олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты бейімделуде туындайды;
- әдістерді меңгеру педагогтердің рефлексияға дайындығын жетілдіреді және кәсіби қызметінің тиімділігін арттырады.

Қорытынды. Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының тиімділігін зерттеу нәтижелері бойынша практикаға-бағдарланған тәсіл негізінде «Өрлеу» институты әзірлеген білім беру бағдарламалары жоғары нәтижелер көрсетуде деп айтуға болады. Бұл бағдарламалар кәсіби құзыреттілікті меңгерген, өзінің кәсіби дағдыларын өзгермелі өмірде тиімді қолдана алатын, жоғары деңгейдегі мамандар даярлауға көмектеседі.

Келешекте білім беру бағдарламаларын осы тәсілдер мен механизмдерге сүйене отырып құрастыру маңызды. Яғни, «Өрлеуде» үздіксіз білім беру үшін барлық жағдайлар жасалып, біліктілікті арттыру білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Курс бағдарламалары білім беруде болып жатқан жүйелі жаңартуларды көрсетіп, педагогтерді кәсіби бағыттағы практикаға-бағдарланған өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249.

2 Об утверждении профессионального стандарта «Педагог» Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года № 500. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 19 декабря 2022 года № 31149.

3 Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 04.10.2023 № 330.

4 Якиманская И.С. Технологии личностно-ориентированного обучения в современной школе. – М.: Сентябрь, 2000. – 176 с. (Серия «Библиотека директора»)

5 Маркова А.К. Психология труда учителя. – М.: Просвещение, 1993. – 192 с.

6 Митина Л.М. Личностное и профессиональное развитие человека в новых социально-экономических условиях // Вопросы психологии. – 1997. – № 4. – С.28-38.

7 Краснорядцева О. М. Проблемы профессионального становления личности в процессе повышения квалификации // Сибирский психологический журнал. - 2002. - № 16–17. - С. 42–44.

8 Вербицкий А.А. Концепция знаково-контекстного обучения в вузе // Вопросы психологии. – 1987. – № 5. – С.31-39.

9 Молочкова И.В. Психологическое сопровождение профессионального развития педагога: учебное пособие. – Челябинск: Изд-во ЮУрГУ, 2005. - 130 с.

10 Сезонова Т.В. Использование практико-ориентированного подхода в преподавании криминалистики (на примере вуза МВД)// Гуманитарный научный вестник. - 2020. - № 5. - С. 121.

11 Рзаева Е.И. Критерии оценки игровой компетентности будущих воспитателей // Приволжский научный журнал. – 2014. – №4. – С.69-72.

REFERENCES

1 Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya doshkol'nogo, srednego, tekhnicheskogo i professional'nogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan na 2023–2029 gody [On the approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical, and Vocational Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 28 marta 2023 goda № 249 [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 249 dated March 28, 2023]. [In Russian]

2 Ob utverzhdenii professional'nogo standarta "Pedagog" [On the approval of the professional standard "Pedagogue"]. Prikaz i.o. Ministra prosveshcheniya Respubliki Kazakhstan ot 15 dekabrya 2022 goda № 500. Zaregistrovan v Ministerstve yustitsii Respubliki Kazakhstan 19 dekabrya 2022 goda № 31149 [Order of the Acting Minister of Education of the Republic of Kazakhstan No. 500 dated December 15, 2022, registered with the Ministry of Justice on December 19, 2022, No. 31149]. [In Russian]

3 Ob utverzhdenii gosudarstvennykh obshcheobyazatel'nykh standartov doshkol'nogo vospitaniya i obucheniya, nachal'nogo, osnovnogo srednego i obshchego srednego, tekhnicheskogo i professional'nogo, poslesrednego obrazovaniya [On the approval of state mandatory standards for preschool education and training, primary, basic secondary, and general secondary, technical and vocational, post-secondary education]. Prikaz Ministra prosveshcheniya Respubliki Kazakhstan ot 04.10.2023 № 330 [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan No. 330 dated October 4, 2023]. [In Russian]

4 Yakimanskaya, I. S. (2000). Tekhnologii lichnostno-orientirovannogo obucheniya v sovremennoj shkole [Technologies of personality-oriented education in modern schools]. Moscow: Sentyabr', 176 p. (Seriya «Biblioteka direktora» [Series "Director's Library"]). [In Russian]

5 Markova, A. K. (1993). Psikhologiya truda uchitelya [Psychology of teacher's work]. Moscow: Prosveshchenie, 192 p. [In Russian]

6 Mitina, L. M. (1997). Lichnostnoe i professional'noe razvitie cheloveka v novykh sotsial'no-ekonomicheskikh usloviyakh [Personal and professional development of an individual in new socio-economic conditions]. *Voprosy psikhologii* [Questions of Psychology], (4), 28–38. [In Russian]

7 Krasnoryadzeva, O. M. (2002). Problemy professional'nogo stanovleniya lichnosti v protsesse povysheniya kvalifikatsii [Problems of professional development of a personality in the process of professional training]. *Sibirskiy psikhologicheskij zhurnal* [Siberian Psychological Journal], (16–17), 42–44. [In Russian]

8 Verbitsky, A. A. (1987). Kontseptsiya znakov-kontekstnogo obucheniya v vuze [The concept of symbolic-contextual learning in higher education]. *Voprosy psikhologii* [Questions of Psychology], (5), 31–39. [In Russian]

9 Molochkova, I. V. (2005). Psikhologicheskoe soprovozhdenie professional'nogo razvitiya pedagoga [Psychological support for the professional development of a teacher]. Chelyabinsk: Izd-vo YuUrGU, 130 p. [In Russian]

10 Sezonova, T. V. (2020). Ispol'zovanie praktiko-orientirovannogo podkhoda v prepodavanii kriminalistiki [The use of a practice-oriented approach in teaching forensic science]. *Gumanitarnyj nauchnyj vestnik [Humanitarian Scientific Bulletin]*, (5), 121–125. [In Russian]

11 Rzaeva, E. I. (2014). Kriterii otsenki igrovoj kompetentnosti budushchikh vospitatelej [Criteria for assessing the gaming competence of future educators]. *Privolzhskij nauchnyj zhurnal [Volga Scientific Journal]*, (4), 69–72. [In Russian]

Ибрагимова Г. К.¹, Саттыбаева Р. М.²

^{1,2} Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по Карагандинской области

^{1,2} Казахстан, Караганда

ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ НА ОСНОВЕ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ПОДХОДА

Аннотация

Статья посвящена вопросам повышения квалификации педагогов дошкольных организаций на основе практико-ориентированного подхода. В работе представлена разработанная Национальным центром повышения квалификации «Өрлеу» модель непрерывного профессионального развития. Модель базируется на интеграции теории и практики, на синтезе современных андрагогических методов и создании коллаборативной образовательной среды. Анализ научных исследований подтвердил важность использования практико-ориентированных форм обучения для педагогов дошкольных организаций.

Цель исследования – обосновать выбор данного подхода, проанализировать его применение в профессиональном развитии педагогов и определить формы и виды деятельности, способствующие эффективному повышению их квалификации.

Эффективность модели рассмотрена на примере образовательной программы «Развитие игровой компетентности педагогов дошкольной организации». Описана структура программы, включающая квазипрофессиональную деятельность, практическую подготовку, исследование в действии и этап посткурсового поддержки. Для оценки эффективности применены диагностические методы: анкетирование, тестирование и методика оценки уровня игровой компетентности (автор – Е. И. Рзаева).

Результаты исследования демонстрируют значительное повышение профессиональных компетенций педагогов, их готовность к решению задач современной дошкольной педагогики. Особое внимание уделено рефлексии, квазипрофессиональной деятельности и устойчивости сформированных профессиональных навыков.

Материалы статьи будут полезны педагогам, разработчикам образовательных программ и исследователям, занимающимся совершенствованием системы повышения квалификации в сфере дошкольного образования.

Ключевые слова: повышение квалификации, практико-ориентированный подход, образовательная программа, курсы повышения квалификации, педагоги дошкольных организаций, игровая компетентность, посткурсовое сопровождение.

Ibragimova G.K. ¹, Sattibayeva R.M. ²

^{1,2} JSC «NCPK «Orleu»

^{1,2} Kazakhstan, Karaganda

PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF PRESCHOOL EDUCATORS BASED ON A PRACTICE-ORIENTED APPROACH

Annotation

The article is dedicated to the issue of professional development of the preschool educators using the practice-oriented approach. The aim of the study is to justify the choice of this approach, analyze its application in the professional development of teachers and determine the forms and types of activities that contribute to effective qualification improvement.

The paper presents a model of the continuous professional training which was developed by the National Center for Advanced Training "Өрлеу". This model is based on the integration of theory and practice, the application of modern andragogical methods, and the creation of a collaborative educational environment. An analysis of studies confirmed the necessity of employing practice-oriented learning formats for preschool educators.

The model's effectiveness is demonstrated using the example of the program "Development of Play Competence in Preschool Educators." The program's structure includes quasi-professional activities, practical training, action research, and a post-course support phase. In order to evaluate the effectiveness of this model various diagnostic methods such as surveys, testing, and an assessment mythology for play competence levels (developed by E. I. Rzaeva) were used.

The research results demonstrate a significant improvement in educators' professional competencies and their readiness to address the challenges of modern preschool education. Particular attention is given to reflection, quasi-professional activities, and the sustainability of the developed professional skills.

The materials of this article will be useful for educators, developers of educational programs, and researchers engaged in improving the system of professional development in preschool education.

Keywords: professional development, practice-oriented approach, educational program, professional development courses, preschool educators, play competence, post-course support.